

**Малая-Владимировка ауылдық округінің Бозтал ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 26/8-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 426 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 қарашада № 3527 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің, 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ** және Бесқарағай аудандық **әкімдігі** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Малая-Владимировка ауылдық округінің Бозтал ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін, Малая-Владимировка ауылдық округінің Бозтал ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Калиновский В. Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізілсін.

3. Осы шешім және қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<p>Сессия төрағасы Аудан әкімі Аудандық мәслихат</p> <p>хатшысы</p>	<p>Қ. ҚАИРХАНОВ Н. СЫДЫҚОВ</p> <p>Қ. САДЫҚОВ</p>
	<p>Бесқарағай аудандық әкімдігінің бірлескен 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 426 қаулысына және Бесқарағай аудандық</p>

## Малая-Владимировка ауылдық округінің Бозтал ауылының елді мекендерінің Экспликациясы

Жерлердің атауы	Жалпы көлемі , га	Оның ішінде:								
		егістік , га	Оның ішінде суармалы , га	Көпжылдық екпелер, га	тынайма , га	шабындық , га	жайылым , га	Барлық а/ш алкаптары , га	Басқа да жерлер , га	Ағашты-бұталы жерлер, га
Есеп бойынша жерлердің көлемі	4413,0	5,0	-	-	3,0	-	4270,0	4278,0	135,0	-
Елді мекеннің шегіне кіреді	1841,6	899,0	-	-	-	-	927,4	1826,4	4,2	-
1. Ауыл шаруашылығы маңызындағы жерлер	156,8	-	-	-	-	-	156,8	156,8	-	-
2. Босалқы жерлер	1684,8	899,0	-	-	-	-	770,6	1669,6	4,2	11,0
<b>Бозтал ауылының елді мекенінің аумағы</b>	<b>6254,6</b>	<b>904,0</b>	-	-	<b>3,0</b>	-	<b>5197,4</b>	<b>6104,4</b>	<b>139,2</b>	<b>11,0</b>